



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

жаңаның арасындағы тартысты суреттейтіндігіне, нәтижесінде келешек өмір үшін шайқасқан ерлер қаза тапса да, олардың көздеген мақсаты, қиял-армандары түптің түбінде орындалатындығына тоқтала келіп, тарихи трагедияға тән бірнеше ерекшеліктерді атап өтеді:

1. Шығармаға арқау болатын тақырыптың тарихилығы, яғни шығарманың тарихи деректер негізінде жазылуы.

2. Тарихи трагедияның кейіпкерлері тарихта белгілі, халық жүрегінен ерекше орын алатын қаһарман болса, ал шығармаға өзек болған оқиға бүкілхалықтық мағынаға ие болуы керек.

3. Бас қаһарман жеке басының бақыты үшін емес, халық бақыты үшін күреседі.

Міне, осы негізгі қағидаларға жауап берген қазақ драматургиясындағы алғашқы тарихи трагедия – Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы деген тоқтамға келеді.

«Драма өнері» монографиялық зерттеу еңбегінен бұрын жарық көрген ғалымның «Трагедия табиғаты», «Арқау», «Вершины возвращенной казахской литературы» монографиялық зерттеулерінде де драма жанры және драматург шығармашылығы туралы ғылыми тұжырымдар жасалынып, драма жанрының басты қағидалары жан-жақты зерттелініп, зерделенген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. Драма өнері // Жеті томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Астана: Фолиант, 2005. – 572 б.
2. Нурғали Р.Н. Древо обновления. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – 368 с
3. Нурғали Р. Эпическая драматургия – Астана: Фолиант, 2004. – 288с
4. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты – Алматы: Жазушы, 1968. - 176 б.

ӘОЖ 82-344

ЕЖЕЛГІ ЖЫРЛАР: ТҮТАСТАНУ МЕН ТАРИХИ-КӨРКЕМ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Сайлаубекова Дана Дәулетқызы

Sailaubekovadana@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Байтанасова Қ.М.

Көне тарихтың куәсіндей болып, бізге қадым замандардан жеткен ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерін жан-жақты зерттеп, олардың ішінде ең асылдарын сұрыптап ала білу керек. Әрі сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл қазынаны бүкіл қоғамдық ой сананы қайта құрып, егеменді еліміздің игілігіне айналдыру – қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп білеміз. Өйткені басқа да түркі тілдес халықтары секілді қазақ халқы әлемдік әдебиет пен мәдениет қазынасына өзінің тиісті үлесін қосып келгені даусыз.

Бұл ретте, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбегі орасан зор. Олардың әрқайсысы әр кезеңде қазақ фольклорына, оның ішінде батырлар жырына оның көркемдігі мен мазмұнына көңіл аударған. Олар эпикалық шығармаларды ел арасынан естіп, жинақтап қолжазбаларына енгізіп отырған. Бұл жайында ғалым Т.Сыдықов «Эпостық жырларды баспаға даярлау барысында жырдың мәтінін мұқият тексереді, емлелік жақтарын барынша екшейді. Белгілі жыр нұсқасын орысшаға аударған кезде түсініктер, ескертпелер айтып отыруды да ешбір естен шығарып отырмаған» дейді.

Ғалымдар В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Ә.Диваевтың пікірлеріне қарағанда қазақ эпосы ертеде қазақ жерінде тайпалардың өзара таласы кезеңіне байланысты жарық көрген. Шоқан Уәлихановтың айтуына қарағанда «Көптеген батырлық жырлар Алтын

Орда Тоқтамыс билеген уақытынан кейін пайда болған аласапыран бүлікшілік кезеңімен байланысты туған» [1, 88 б.].

XX ғасырдың бас кезінде қазақ эпосы қазақ мәдениеті қайраткерлерінің назарын аударып бастайды. Эпикалық жырлар туралы баспасөз беттерінде арнайы мақалалар жазылып, жыр-дастандар өз алдына дербес жинақ болып басылып шықты. С.Торайғыров, В.Карлсон, И.А. Чеканинский, С.Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, М. Әуезов пен Л. Соболевтың мақаласы мен Ә. Марғұлан еңбектері қазақтың ежелгі жырларының материалы негізінде жалпы теориялық мәселелерді, қазақ фольклорының поэтикалық тілін, генетикалық негізін зерттеген.

Ғалым Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» атты еңбегінде қазақ эпосының шығу төркінін тарихпен байланысты екенін дәлелдейді. Ертеде күңгей далада, ел арасында туған эпоста бір кезде жұрт басынан өткізген тарихи оқиғалар жырланып, салт-дәстүр, рулық қарым-қатынас көрсетілетінін дәлелдеген. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ эпосы нақты тарихи шындықты өлең жолмен ақындық тілмен айтып беретін әңгіме іспетті. Ел есінде қалған, ертедегі халықтың хал-ахуалын, көне тұрмысын ұрпақтан-ұрпаққа, ауыздан-ауызға ауыстырып жатқан шежіре іспетті. Ғалым осы жайларды айтқан кезде алтай – монғол эпосы турасындағы Б.Я. Владимирцев пен С.А. Козиннің, ноғайлы - қазақ эпосы жөніндегі П. Фалев пен Н.Семеновтың, орта азиялық эпос жайындағы В.М. Жирмунскийдің зерттеулеріне сүйенеді. Ә.Марғұлан қазақ эпостары оғыздар мен қыпшақтардың тұсында, яғни бұл тайпалар Орталық Қазақстан даласы мен Сырдария арасында көшіп жүрген кезде (VIII – IX-ғ.), негізінен алғанда Қазақстан аймағында шығарыла бастады деп есептейді. Ал, эпостың елге кеңінен таралып, қалың көпшілікке белгілі бола бастауы XI-XII ғасырлардың арасы деп меңзейді [1, 82 б.].

Фольклор – бұл халық даналығы, халық білімі, ауызша шығарылған аталы көркем сөз. Халқымыз ежелден сөз өнерін ерекше қадірлеген, «өнер алды – қызыл тіл» деп білген. Сондықтан да фольклор әдебиеттің қилы дамуының әр кезеңіне әсерін тигізетіні заңды құбылыс. Атап айтсақ, фольклорға тән көркемдік құндылықтардың әдебиетте орын алуы – өзара ықпалдасудың көрінісі.

Фольклордың көркем жазба әдебиетпен салыстырғанда байқалатын өзіне тән ерекшелігінің, поэтикалық құралының бірі – онда күрделі көркем жинақтаудың (типтендіру) үлкен орын алатындығында. Фольклордағы жинақтау өмірді, қаһарманды фольклорлық түсінікпен дәріптеуге қызмет етеді және тұтастану құбылысына негіз болады. Тұтастануда тарихи оқиғалар, кейіпкерлердің өмір жолы мен әрекеттері түгел жинақталып, біртұтас дүние құрап, қаһарманды, оның ұрпағын, жерін, елін дәріптеуге бағытталады. Ғалым С. Қасқабасов көрсеткендей: «Қазақ фольклорындағы тұтастану – батырды дәріптеу үшін қолданылатын көркем құрал, поэтиканың заңдылығы. Батырды көтермелей суреттеу – халық тілегі, ал жыршы – сол тілекті орындаушы. Сондықтанда эпос алуан түрлі тұтастанудан өтеді, сөйтіп өзінің батырды дәріптеу мақсатында уақыт пен кеңістікті де, тарих пен қиялды да қызмет еткізеді [2, 62 б.].

Сондай-ақ эпостағы тұтастану мәселесіне қатысты ғалым Е.М. Мелетинский, С.Садырбаев, Ш. Ыбыраев жүйелі пікірлер айтқан. Ғалым Ш. Ыбраевтың айтуына қарағанда: «Тұтастану – тек эпос пішінінің өз-өзіне пайда болған заңдылығы емес, ол халықтың әлеуметтік және сыртқы саясаттағы тарихи өзгерістерінің нәтижесінде қалыптасады» [3, 180 б.].

Зерттеуші Е.М.Мелетинскийдің айтуынша, көлемі жағынан шағын жырлар ұлттық эпикалық дәстүрдің аясында бірігіп эпопея құрайды. Бірақ бұл - түрлі жырлардың жай ғана қатар орналасқан жиынтығы емес. Әрбір сюжет өзінше аяқталып, шағын жырлар қосымша эпизодтармен, кейіпкерлермен толықтырылып, іштей өсіп отырады. Жеке жырлар өмірбаяндық, шежірелік (генеологиялық), оқиғалық (маңызды бір оқиғамен байланысты жырлар) өзгешеліктері бойынша тұтастанады [4, 109 б.].

Ғалым С.Қасқабасов «Шығармада басты қаһарманның бойына адам баласындағы ең ізгі қасиеттер жинақталған, соған қоса ел аңсаған, армандаған батыр жігіттің ісі мен мінезінен,

қимыл-әрекетінен көргісі келетін небір асыл қасиеттер танылған. Сөйтіп өмірдегіден гөрі қиялда, ойда армандаған мінез-құлық, іс-әрекет, өмір салты фольклорлық туындыға, оның кейіпкеріне ғаламат жинақтық әрі тұлғалық сипат береді. Мұнда, бір жағынан, іс әрекетті жинақтау, екінші жағынан, уақытты жинақтау, үшінші жағынан, арманды жинақтау бар. Ал дәл осындай кең ауқымды жинақтау әдебиетте болмайды, өйткені ол - жеке авторлық өнер» десе [5, 438 б.], ғалым В.Жирмунский эпикалық сюжеттің тұтастануының негізінде әуелгіде батырдың бір ерлігі жырланатын шағын өлеңге басқа да батырлық эпизодтар жалғанып, бәрі бірігіп, жаңа біртұтас шығармаға айналатындығы туралы пікірін білдірген [6, 435 б.]. Бұл ретте ғалымдар пікірінің ортақ принципке негізделгенін байқауға болады.

Қаһармандық эпос композициясында сюжет құрайтын мотивтердің маңызы ерекше. Мұндай мотивтерді ғалым Б.Н.Путилов былайша бөледі: «Эпикалық кіші сюжеттердің үш негізі бар. Олар: мотив-жағдай, мотив-сөз, мотив- әрекет. Бұлар эпикалық сюжетте бір-бірімен кезектесе үздіксіз өтіп отырады. Бұған әрине, сюжет құруға қатыспаса да мотив-суреттеу мен мотив-мінездеуді де қосуға болады» [7, 140 б.].

Жырдағы батырдың ғажайып тууы, балалық шағы, ата-тегі, шежірелік мәліметтер, кейіпкерлердің әлеуметтік ортасы, өмір сүріп жатқан дәуірі турасында берілген мәліметтер – тегіс мотив-суреттемеге жатады. Мәселен, Оғыз туралы жыр қырықтан астам хикаядан тұрады. Әрбір жыр батырдың, болашақ ел басшысының дүниеге келуі тарихынан басталады. Мұнда әйгілі Оғыздың тууының өзін елден ерек сиқырлы, артық қасиеттерге бөлеп, оны көктен түскен күн сәулелі жарық нұрдан пайда болды деп бейнелейді. Оған керемет қасиеттер телінеді, айрықша сипаттары басқа зерде иелерінен, қатар өмір сүрген пенделерден ерекшелендіре түседі. Оны Оғыз батырдың қатпен шайқасынан, одан кейінгі елді басқарған кездегі көптеген басқа жұрттармен соғысуы барысында байқаймыз. Жырдағы негізгі оқиғалар желісін ғалым Қ.Өмірәлиев XVII циклге бөліп қарастыруының өзі мотив-суреттеменің дәлелі болмақ.

Қорытындылайтын болсақ, жазба әдебиет туындыларының көркемдік дені фольклор поэтикасынан тамыр тартады. Фольклордың поэтикасы да өзгеше. Ол ғылымда «тепе-теңдік эстетикасы» деп аталатын эстетикаға негізделеді. Эстетиканың бұл түрінің талабы бойынша, шығарма тудырушы тың дүние жаратуға саналы түрде талпынбайды, дәстүрді кие тұтады. Мұнда елдің арман-аңсары алдыңғы орында болады. Осындай құнды дүниенің зерттелуі де маңызын ешқашан жоймайды.

Фольклортанудың маңыздылығы халық шығармаларының құндылығынан келіп шығады. Фольклор дегеніміз – көнермейтін қастерлі мұра.

Фольклордың зерттелу жайы да өзгеше. Ол жинау, жүйелеу, жариялау деген кезеңдерден өткеннен кейін ғана толымды зерттеу бола алады. Қазақ фольклоры қазір біршама жиналды. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» атты жүз томдықты үлкен жетістік ретінде айтуға болады. Дегенмен, әлі де жиналатын, зерттелетін халық туындылары жеткілікті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Қасқабасов С. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы//Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001.
3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993.
4. Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа.- Москва: Наука, 1986.
5. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002.
6. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. – Москва: Наука, 1962.
7. Путилов В.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. – Ленинград, 1976.